

aceline

Руководство
по эксплуатации

Aceline AC-120
радиооятқышы

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	4
Сақтық шаралары	4
Құрылғы схемасы	5
Құрылғыны пайдалану	6
Құрылғыны қосу	6
Уақытты орнату.....	6
Оятқышты баптау және өшіру.....	6
«Snooze» режимі (қысқа ұйқы).....	6
Ұйқы таймерін орнату.....	6
Радио режимі	7
Радиостанция жиілігін сақтау	7
Сақталған радиостанцияны тыңдау	7
Техникалық сипаттамалар	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	8
Қосымша ақпарат	9

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының мақсаты

Радиооятқыш — бұл радиоқабылдағыш пен оятқыш функцияларын біріктіретін құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Радиооятқышты қоршаған ортаның қалыпты температурасында ғана сақтаңыз және пайдаланыңыз. Құрылғыны -20°C -ден $+60^{\circ}\text{C}$ -ге дейінгі температурада сақтау ұсынылады.
2. Бұл құрылғыны тікелей су көздеріне жақын жерде орнатпаңыз.
3. Радиооятқышты ылғалдылығы жоғары немесе шаң жерлерде орнатпаңыз. Бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.
4. Құрылғыны ұқыпты пайдаланыңыз. Оны соққылардан қорғаңыз.
5. Құрылғыны өткір аспаптардың, қажак қосылыстардың және оны зақымдауы мүмкін басқа нысандардың әсерінен қорғаңыз.
6. Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
7. Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
8. Құрылғыны қоспас бұрын онда көрсетілген кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
9. Құрылғыны тек оның осы нұсқаулықта көрсетілген тікелей мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
10. Құрылғыны сымынан ұстап тартпаңыз және жылжитпаңыз. Аспаптың айналасындағы сымды майыстырмаңыз және орамаңыз.
11. Электр тогымен зақымдануды болдырмас үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз. Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.
12. Құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың немесе электр қуат беру сымының көзге көрінетін зақымдары бар болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Құрылғы схемасы



1. «CLK/MEM» түймесі:
 - Уақытты баптау үшін осы түймені пайдаланыңыз.
 - Бұл түймені жадта радиостанция жиілігін сақтау үшін пайдаланыңыз.
 - Бұл түймені жадта сақталған радиостанцияларды таңдау үшін пайдаланыңыз.
2. «MIN/◀» түймесі:
 - Бұл түймені сағаттарға немесе оятқышқа минуттарды орнату үшін пайдаланыңыз.
 - Радиостанцияны кері тәртіпте іздеу үшін осы түймені пайдаланыңыз.
3. «HOUR/▶» түймесі:
 - Бұл түймені сағатта немесе оятқышта сағаттар санын орнату үшін пайдаланыңыз.
 - Радиостанцияны тұра ретпен іздеу үшін осы түймені пайдаланыңыз.
4. «DIMMER» түймесі: дисплейдің жарықтығын реттеу үшін осы түймені пайдаланыңыз.
5. «AL2/-» түймесі:
 - Екінші оятқышта уақытты орнату үшін осы түймені пайдаланыңыз (ALARM 2).
 - Дыбыс қаттылығын азайту үшін осы түймені пайдаланыңыз.
6. «AL1/+» түймесі:
 - Бұл түймені бірінші оятқышта уақытты орнату үшін пайдаланыңыз (ALARM 1).
 - Дыбыс қаттылығын арттыру үшін осы түймені пайдаланыңыз.
7. «SOURCE/AL.OFF/⏻» түймесі:
 - Құрылғыны іске қосу үшін осы түймені пайдаланыңыз.
 - AM немесе FM жұмыс режимін таңдау үшін осы түймені пайдаланыңыз.
 - Бұл түймені оятқышты белсендіргеннен кейін, оны өшіру үшін пайдаланыңыз.
8. «SNOOZE» түймесі:
 - Оятқышты қысқа уақыт аралығына уақытша өшіру үшін осы түймені пайдаланыңыз.
 - Құрылғыны ұйқы режиміне ауыстыру үшін осы түймені пайдаланыңыз.
9. Динамик.
10. Дыбыстық сигнал индикаторы «AL.1»: бұл индикатор «1-оятқыш» (ALARM 1) белсендірілгенін көрсетеді.
11. Радио индикаторы «AL.1»: бұл индикатор құрылғының «1-оятқыш радио» (ALARM 1 radio) жұмыс режимінде екенін көрсетеді.
12. Дыбыстық сигнал индикаторы «AL.2»: бұл индикатор «2-оятқыш» (ALARM 2) белсендірілгенін көрсетеді.
13. Радио индикаторы «AL.2»: бұл индикатор құрылғының «2-оятқыш радио» (ALARM 2 radio) жұмыс режимінде екенін көрсетеді.
14. Жарықдиодты дисплей.
15. Қуат беру ағытпасы
16. FM антенна.
17. Батарея бөлігі.

Құрылғыны пайдалану

Құрылғыны қосу

Құрылғыны желіге қоспас бұрын, желінің кернеуі осы құрылғыны қуаттандыру үшін қажетті кернеуге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

Уақытты орнату

«CLOCK» режимінде «**CLK/MEM**» түймесін 1 секунд басып, ұстап тұрыңыз. Бұл ретте уақыт мәні дисплейде жыпылықтай бастайды.

1. «**HOURL/▶▶**» түймесінің көмегімен сағатты орнатыңыз.
2. «**MIN/◀◀**» түймесінің көмегімен минутты орнатыңыз.
3. Орнату аяқталғаннан кейін енгізілген мәнді растау үшін «**CLK/MEM**» түймесін тағы бір рет басыңыз.

Оятқыштарды орнату және өшіру

1. Құрылғы «CLOCK» режимінде болған кезде «**AL1/+**» немесе «**AL2/-**» түймесін басыңыз. Оятқыш уақытының мәні дисплейде жыпылықтай бастайды.
2. «**HOURL/▶▶**» түймесінің көмегімен оятқыш сағатын баптаңыз.
3. «**MIN/◀◀**» түймесінің көмегімен оятқыш минутын баптаңыз.
4. Баптау аяқталғаннан кейін енгізілген мәндерді растау үшін «**AL1/+**» немесе «**AL2/-**» түймесін басыңыз.
5. Оятқыштың дыбыстық сигналын немесе бапталған радиостанцияны таңдау үшін «**AL1/+**» немесе «**AL2/-**» түймесін басыңыз. Дисплейде гудок немесе радио белгісі пайда болады.
6. Оятқышты белсендірген кезде оны өшіру үшін «**SOURCE/AL.OFF/⏏**» түймесін басыңыз.

«Snooze» режимі (қысқа ұйқы)

Оятқышты (радио немесе дыбыстық сигнал) белсендірген кезде, «**SNOOZE**» түймесін басу арқылы сигналды 9 минутқа уақытша тоқтата аласыз. Оятқыш сигналын тоқтата тұру кезеңі аяқталғаннан кейін 9 минуттан соң дыбыстық сигнал немесе радио автоматты түрде қосылады. Бұл процедураны шамамен бір сағат бойы қайталауға болады.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл функция музыканы белгіленген уақыттан кейін автоматты түрде өшіріп, оны тыңдап ұйықтауыңызға мүмкіндік береді.

1. Құрылғының ұйқы таймерін орнатпас бұрын радионы қосыңыз.
2. Таймерді орнату үшін «**SNOOZE**» түймесін басыңыз (90/80/70/60/50/40/30/20/10 мин. немесе «ӨШІРУ»).
3. Радио белгіленген уақыт аралығынан кейін автоматты түрде өшеді.

Радио режимі

1. AM немесе FM диапазонын таңдау үшін «**SOURCE/AL.OFF/⏻**» түймесін басыңыз.
2. Құрылғыны радиостанцияның жиілігіне кезең-кезеңмен баптау үшін «**HOUR/▶▶**» немесе «**MIN/◀◀**» түймесін басыңыз.
3. Құрылғы таңдалған бағытта радиостанцияларды іздеуін жалғастыруы үшін шамамен 1 секунд бойы «**HOUR/▶▶**» немесе «**MIN/◀◀**» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Сіз радиостанцияның әлсіз сигналдарын тек қолмен реттей аласыз.
4. Радионы қосу үшін «**SOURCE/AL.OFF /⏻**» түймесін шамамен бір секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Радиостанция жиілігін сақтау

1. Радионы радиостанцияның қажетті жиілігіне орнатыңыз.
2. Таңдалған радиостанция жиілігін жадта келесі реттік нөмірмен сақтау үшін «**CLK/MEM**» түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Бұл ретте дисплейде **PXX** белгісі пайда болады (XX - құрылғының жадындағы 01-ден 10-ға дейінгі радиостанция нөмірі).
3. Сіз жадта AM диапазонында 10 радиостанцияға дейін және FM диапазонында 10 радиостанцияға дейін сақтай аласыз.

Сақталған радиостанцияны тыңдау

1. AM немесе FM диапазонын таңдау үшін «**SOURCE/AL.OFF/⏻**» түймесін басыңыз.
2. Келесі радиостанцияға өту үшін «**CLK/MEM**» түймесін басыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: AC-120.
- Тюнер типі: сандық.
- Қабылданатын радиодиапазондар: AM/FM.
- FM жиіліктерінің диапазоны: 64 МГц — 108 МГц.
- AM жиіліктерінің диапазоны: 522 кГц — 1620 кГц.
- Радиостанцияларды сақтауға арналған жад ұяшықтарының саны: (AM, FM): 20.
- Уақыт пішімі: 24 сағат.
- Дисплей: 1,2", LED.
- Екі оятқыш.
- «Ұйқы таймері» режимі.
- Оятқыш режимі: Радио/Зуммер/Snooze.
- Қуат параметрлері:
 - Радиооятқыш: 6.0 В, 200 мА.
- Қуат берудің желілік адаптері:
 - Кіріс кернеуі: 220-240 В, 50-60 Гц.
 - Шығыс кернеуі: 6.0 В, 200 мА
- Қосалқы қуат: AAA батареялары x 2 дана (жиынтыққа кірмейді).
- Габариттері: 172 x 61 x 82 мм.
- Жиынтықтама: радиооятқыш, пайдаланушы нұсқаулығы, қуат берудің желілік адаптері.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юнсинлянь Электроникс (Шэньчжэнь) Ко. Лтд.

8 блок, Финикс Гейт өнеркәсіптік аймағы, Эгунлин, Пинху көш., Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі, оның сипаттамалары мен жиынтықтылығы алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



aceline